

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Ә. Бүркітбаев атындағы Өнеркәсіптік инженерия институты

Көлік техника кафедрасы

Сағымжан А.Б.

Балалар әдебиетін шығаратын баспахананың кітапшалау – түптеу цехының
технологиялық бөлімін жобалау

Дипломдық жобаға
ТҮСІНІКТЕМЕЛІК ЖАЗБА

5B072200 – Полиграфия

Алматы 2019

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Ә. Бүркітбаев атындағы Өнеркәсіптік инженерия институты

Көлік техника кафедрасы

ҚОРҒАУҒА ЖІБЕРІЛДІ

Кафедра меңгерушісі

т.ғ.д., профессор

С.А. Машеков

« 21 » 05 2019 ж.

Дипломдық жобаға
ТҮСІНІКТЕМЕЛІК ЖАЗБА

Тақырыбы: «Балалар әдебиетін шығаратын баспахананың кітапшалау – түптеу цехының технологиялық бөлімін жобалау»

5B072200 – Полиграфия

Орындаған

Сағымжан А.Б.

Ғылыми жетекші

КТ каф. лекторы

Толыбаева Ж.Ж.



« 21 » 05 2019 ж.

Алматы 2019


Дипломдық жұмысты (жобаны) дайындау
КЕСТЕСІ

| Бөлімдер атауы, қарастырылатын мәселелер тізімі | Ғылыми жетекші мен кеңесшілерге көрсету мерзімдері | Ескерту |
|---|--|---------|
| Технологиялық бөлім | 15.01-01.03.2019 | |
| Еңбекті қорғау бөлім | 01.03-20.03.2019 | |
| Экономикалық бөлім | 26.03-30.04.2019 | |

Дипломдық жұмыс (жоба) бөлімдерінің кеңесшілері мен
норма бақылаушының аяқталған жұмысқа (жобаға) қойған
қолтаңбалары

| Бөлімдер атауы | Кеңесшілер, аты, әкесінің аты, тегі (ғылыми дәрежесі, атағы) | Қол қойылған күні | Қолы |
|------------------------|--|-------------------------|---|
| Технологиялық бөлім | Ж.Ж.Толыбаева КТ каф. лекторы | 21.05.19 |  |
| Норма бақылау | Ж.Ж. Толыбаева КТ каф. лекторы | 21.05.19 |  |

Ғылыми жетекші  Толыбаева Ж.Ж.

Тапсырманы орындауға алған білім алушы  Сағымжан А.Б.

Күні « 15 » 11 2019 ж.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Ә. Бүркітбаев атындағы Өнеркәсіптік инженерия институты


Көлік техника кафедрасы

5B072200 – Полиграфия

БЕКІТЕМІН

Кафедра меңгерушісі

т.ғ.д., профессор

 С.А. Машеков

« 17 » 11 2018 ж.

**Дипломдық жоба орындауға
ТАПСЫРМА**

Білім алушы Сағымжан Айбота Болатқызы

Тақырыбы : «Балалар әдебиетін шығаратын баспахананың кітапшалау - түптеу цехының технологиялық бөлімін жобалау» Университет Ректорының 2018 жылғы «06» қараша № 1252-б бұйрығымен бекітілген

Аяқталған жұмысты тапсыру мерзімі 2019 жылғы «22» мамыр

Дипломдық жұмыстың бастапқы берілістері: басылымның форматы мен бөлішегі: 60×90^{1/8}, 60×84^{1/16}, Көлемі(ф.б.т.): 14, 10, ;Таралымы, мың дана: 30, 35; Атау саны: 70, 50.; Мерзімділігі: 1, 1;Бояулығы: 4+4;

Дипломдық жұмыста қарастырылатын мәселелер тізімі:

а)Технологиялық бөлім

б)Еңбек қорғау бөлімі

в)Экономикалық бөлім

Сызба материалдар тізімі (міндетті сызбалар дәл көрсетілуі тиіс):

Сызба материалдары технологиялық сұлбадан, жүктер ағымынан, жабдықтардың жүктемесінен, эвакуация жоспарынан, технико-экономикалық көрсеткіштерінен тұрады.

Ұсынылатын негізгі әдебиет 13 атаудан тұрады.

АҢДАТПА

Бұл дипломдық жобада балалар әдебиетін шығаратын баспахананың кітапшалау-түптеу цехы жобаланған.

Дипломдық жоба келесі бөлімдерден тұрады:

- технологиялық бөлім;
- қауіпсіздік және еңбекті қорғау бөлімі;
- экономиялық бөлім.

Технологиялық бөлімде кітапшалау-түптеу процесінің технологиялық процесі толығымен қарастырылған. Кестелерде өндірістің жылдық жүктемесі, қажетті жабдықтар, материалдар таңдалынып, олардың саны және өндірістегі жұмысшылардың есептеулері көрсетілген.

«Қауіпсіздік және еңбекті қорғау бөлімі» бөлімінде электр қауіпсіздігі, өрт қауіпсіздігі, микроклиматты сақтау және өндірістегі болатын қолайсыздықтарды шешу жолдары қарастырылды.

Экономикалық бөлімде өндірістің техника-экономикалық көрсеткіштері есептелінді, оның ішінде атап айтсақ: өндіріске кеткен ағымды шығындар, дайын өнімнің өз құны, өндірістің тиімділігі, өтеу мерзімі, табыс, пайда, таза пайда.

Дипломдық жобаның сызбалық бөлімі А1 форматында көрсетілген:

- басылымды кітапшалау-түптеу цехында даярлаудың технологиялық сұлбасы;
- кітапшалау-түптеу цехының жоспары;
- жүк ағымы;
- төтенше жағдайдағы эвакуация жоспары;
- техника-экономикалық көрсеткіштері.

Дипломдық жобаның түсіндірме жазбасы 42 беттен, 30 кестеден, теңдеулерден тұрады.

Түйінді сөздер: дипломдық жоба, балалар әдебиеті, кітапшалау-түптеу цехы, технологиялық процесс.

АННОТАЦИЯ

В данном дипломном проекте представлен брошюровочно-переплетный цех типографии по выпуску детской литературы.

Дипломный проект состоит из следующих разделов:

- технологическая часть;
- безопасность и охрана труда;
- экономическая часть.

В технологической части проекта дается полное описание к основному технологическому процессу. В таблицах отражены годовая загрузка производства, основное оборудование, выбраны основные материалы, а также сделаны расчеты материалоутилизации и количество основных рабочих.

В разделе «Безопасность и охраны труда» рассмотрены такие проблемы, как соблюдение требуемого микроклимата, электробезопасность, пожаробезопасность возникающие на производстве и представлены решения этих проблем.

В разделе экономической части рассчитаны технико-экономические показатели производства, такие как затраты на производство, себестоимость готовой продукции, доход, прибыль, чистая прибыль, рентабельность.

Графическая часть дипломного проекта отражена на чертежах формата А1:

- технологическая схема изготовления издания в брошюровочно-переплетном цехе;
- планировка производства;
- схема грузопотоков;
- план эвакуации при чрезвычайных ситуациях;
- технико-экономические показатели.

Пояснительная записка дипломного проекта состоит из 42 страниц, 30 таблиц.

Ключевые слова: дипломный проект, детская литература, брошюровочно-переплетный цех, технологический процесс.

THE SUMMARY

In this diploma project there is a bookbinding and binding department of the printing house for the production of children's literature.

The diploma project consists of the following sections:

- technological part;
- safety and labor protection;
- The economic part.

The technological part of the project gives a complete description of the main technological process. The tables show the annual production load, the main equipment, the main materials are selected, and the number of basic workers is calculated.

In the section "Safety and labor protection" such problems as observance of the required microclimate, electrical safety, fire safety arising at the production and solutions to these problems are discussed.

In the section of the economic part, technical and economic indicators of production are calculated, such as production costs, prime cost of finished products, income, profit, net profit, profitability.

Graphical part of the diploma project is reflected in drawings of the A1 format:

- the technological scheme of manufacturing of the edition in the booklet binding shop;
- Production planning;
- scheme of cargo flows;
- Emergency evacuation plan;
- technical and economic indicators.

Explanatory note of the diploma project consists of 42 pages, 30 tables.

Key words: diploma project, children's literature, bookbinding and bookbinding workshop, technological process.

МАЗМҰНЫ

| | |
|---|----|
| Кіріспе | 9 |
| 1 Технологиялық бөлім | 10 |
| 1.1 Басылымның техникалық сипаттамасы | 10 |
| 1.2 Кәсіпорынның құрылымдық сұлбасы | 11 |
| 1.3 Басылымды кітапшалау түптеу кезеңінде даярлау сұлбасы | 12 |
| 1.4 Технологиялық процестерді талдау | 13 |
| 1.5 Негізгі материалдарды таңдау | 15 |
| 1.6 Қажетті материалдар санын есептеу | 16 |
| 1.7 Кітапшалау-түптеу цехының жабдықтары | 21 |
| 1.8 Кітапшалау-түптеу цехының жылдық жүктемесі | 26 |
| 1.9 Қосымша цехтар | 29 |
| 2 Қауіпсіздік және еңбек қорғау бөлімі | 30 |
| 3 Экономикалық бөлім | 32 |
| Қорытынды | 41 |
| Пайдаланылған әдебиеттер тізімі | 42 |
| Қосымша | |

КІРІСПЕ

Басылымдық өнімдер бәсекесі бүгінде әлем бойынша сан қилы. Осылардың ішінде комерциялық өнімдер мен мерзімдік басылымдар анағұрлым жоғары сұранысқа ие.

Тапсырысты орындауда өнімнің сапасы және өнімділігі жоғары болуы үшін тек жақсы мамандар ғана емес, сонымен бірге жақсы жабдықтарды да қажет етеді. Полиграфия саласында жаңа технологиялармен бағдарламаларды қолдану осы өнімнің полиграфиялық қызмет көрсету нарығында мықты бәсекелес болуына жол ашады.

Кітапшалау-түптеу өндірісі өз ретімен ғана атқарылатын технологиялық операциялармен ерекшеленеді. Оларда бар технологиялық процестерде кездесетін технологиялар: дәптерлер даярлау, дәптерлерді блокқа жинақтау, блоктарды бекіту, механикалық өңдеу, тікпей желіммен бекіту, желімдеу операциялары, жартылай өнімдерді кептіру, түптеу қабын даярлау, оларды безендіру, түптеу қабын кигізу, дайын өнімнің сапасын тексеру болып табылады.

Бұл дипломдық жобаның басты мақсаты балалар әдебиетін шығаратын баспахананың кітапшалау-түптеу цехының технологиялық бөлімін жобалау. Жобалау барысында кітапшалау-түптеу өндірісіне қатысты жабдықтар мен материалдар таңдалып технологиялық есптері беріледі, сонымен қатар өндірістің еңбекті қорғау және экономикалық тиімділігі дәлелденеді.

Кітапшалау-түптеу процесінің құрылымы жұмыстың көлемімен және шығаратын өнім түрімен анықталады. Ірі кітаптық немесе кітап-журналдық өндірістің кітапшалау-түптеу бөлімі бірнеше цехтардан құралуы мүмкін: өнімді мұқабада шығару, кітапшалау-түптеу және түптеу қабын даярлайтын. Орташа өндіріс бірнеше технологиялық бөлімшелерге бөлінген бір цехтан құралуы мүмкін: басылған парақтарды бүктемелеу; күрделі дәптерлерді даярлау; жартылай өнімді сақтау; өнімді мұқабада шығару; кітапты түптік қапта шығару; қап даярлау және желім дайындау бөлімшесі.

Кітапшалау-түптеу процесінің негізгі бағыты: еңбек шығындылығын төмендету, ауыр операциялар санын азайту, өнім сапасын жоғарылату. Қазіргі кезде оның жетістігі жаңа материал қолдануы, жаңа техникалық процесті өндіру, жабдықтардың автоматтылық жүйесін қалыптастыру болып табылады.

1 Технологиялық бөлім

1.1 Басылымның техникалық сипаттамасы


Басылымның техникалық сипаттамасы 1-кестеде берілген .

1 Кесте – Басылымның техникалық сипаттамасы

| Техникалық сипаттамалар | Көрсеткіштері | |
|---|-----------------------------|----------------------------|
| | Балалар әдебиеті №1 | Балалар әдебиеті №2 |
| Басылымның атауы | Балалар әдебиеті №1 | Балалар әдебиеті №2 |
| Басылымның форматы және қағаз табағындағы бөлшегі, см | 60×90/8 | 60×84/16 |
| Басылым форматы, см - кесуге дейін - кескеннен кейін | 30×22,5 29,5×21,5 | 15×21 14,5×20 |
| Басылымның физикалық баспа табақтағы көлемі | 14 | 10 |
| Басылымның қағаз табақтағы көлемі | 7 | 5 |
| Басылымның шартты баспа табақтағы көлемі | 14 | 9,3 |
| Басылымның беттер саны | 112 | 160 |
| Басылымның таралымы | 30000 | 35000 |
| Атау саны | 70 | 50 |
| Мұқабаның типі | №4 | №4 |
| Түптеу қабының материалы | Мұқабалық қағаз | Мұқабалық қағаз |
| Форзац түрі | Бейнелі, желімденетін | Бейнелі, желімденетін |
| Жинақтау түрі | Бірінің үстіне бірі қойылып | Бірінің үстіне бірі қойып |
| Таңдалған қағаз түрі: Форзацқа, г/м ² Мәтінге, мкм | 120 90 | 120 80 |
| Бүктемелеудің түрі | Перпендикуляр екі бүктелген | Перпендикуляр үш бүктелген |
| Дәптердегі беттер саны | 8 | 16 |
| Блоктағы дәптер саны | 7 | 5 |
| Жылына шығатын басылым саны | 2 100 000 | 1 750 000 |
| Дәптерлерді бекіту әдісі | Жіппен тігу | Жіппен тігу |
| Мұқабаны безендіру түрі | Пленканмен желімдеу | Пленкамен желімдеу |
| Бояулығы | 4+4 | 4+4 |
| Басылымды басу түрі | Офсеттік | Офсеттік |

1.2 Кәсіпорынның құрылымдық сұлбасы


Негізгі өндірістік цехтардың үзіліссіз және тиімді жұмыс істеуі қосымша өндірістердің дұрыс ұйымдастырылуына байланысты. Дайын өнім қоймасында оралған дайын өнімдер сақталады. Қойма ауданы өндіріс өнімінің он күндік сақталуының бірмезгілдік шартымен анықталады және өнімді қабылдап алу және жөнелту үшін оперативті аудандар қарастырылады. Материалдар қоймасының құрамы сақталуға жататын шикізат пен материалдардың түріне қарай ұйымдастырылады. Материалдарды сақтауға арналған бөлме өндірістің және құрылыс алаңының ішінде қарастырылуы керек. Жөндеу-механикалық цехтың атқаратын қызметі – технологиялық және тасымалдау жабдықтарының, инженерлік құрылыстың өндірістік ғимараты мен өндіріс тораптарының, өндірістік жиһаздар мен инвентарлардың жұмыс істеп тұруын қамтамасыз ету. Кәсіпорынның құрылымдық сұлбасы 1- суретте көрсетілген.



1 Сурет – Кәсіпорынның құрылымдық сұлбасы

1.3 Басылымды кітапшалау түптеу кезеңінде даярлау сұлбасы

Басылымды даярлаудың жалпы сұлбасы 2-суретте көрсетілген [2].



2 Сурет - Басылымды даярлаудың КТП сұлбасы

1.4 Технологиялық процестерді талдау

Басылған таңбаларды екшелеу, санау және кесу. Кітапшалау-түптеу цехына жеке басылған парақтар түрінде түсетін өнім үшін бірінші технологиялық операциялар екшелеу, санау және кесу болып табылады. Екшелеу деп – парақтарды өзара екі перпендикуляр жақтарымен дұрыстау процесін айтамыз. Парақтарды кесуге дейін екшелеу қажет. Өйткені басу цехында басылған парақтар толығымен реттелмейді және олар кесілгеннен кейін бірдей болмауы мүмкін. Екшелеу операциясының сапасы мен еңбек сыйымдылығына үлкен әсерін қағаз табағының форматы, қағаз табағының 1 м массасы, қағаз бетінің тығыздығы, қағаз ылғалдылығына әсерін тигізеді. Екшелеуді қолмен немесе арнайы машиналарда орындайды, екшеленіп біткен парақтарды санау қажет, санауды қолмен немесе арнайы құрылғыларда орындайды.

Басылым табақтарын бүктемелеу. Басылған парақтар керекті санына кесілгеннен кейін келесі технологиялық операция бүктемелеуге түседі. Бүктемелеу дегеніміз – кітап немесе брошюралық басылымдардың белгілі форматын үлгі бойынша ретімен орналастыру операциясы.

Бүктелген дәптерлерді сығымдау. Бүктемелеудің сапасы көбіне бүгілімнің қысуының күшімен мен бүгілім орнындағы парақ деформациясына тәуелді болады. Егер бүктелген дәптерді бірнеше уақытқа бос күйінде қалдырса ол деформация әсерінен бүгілімдегі қысылған орындар ашылып кетеді. Бүгілімнің дұрыс қысылмауы форзацты желімдеу, блокты тігу сияқты операцияларға кері әсер тигізеді. Осы қателіктер болмас үшін барлық бүктелген өнімді сығымдау қажет. Сығымдау процесіндегі дұрыс нәтижеге жету үшін оны белгілі бір режимде орындау қажет. Сығымдауды арнайы поковальді қысу пресстерінде орындайды. Сығымдау 250-500 дәптерден тұратын бумада орындалады [1].

Форзацтар. Форзацтардың негізгі қызметі – кітап блогын түптеу қабымен біріктіру сонымен қатар форзац басылымның сыртқы безендіру элементі болып табылады. Форзацтар даярлау үшін арнайы форзацтық қағаздар қолданылады. Форзац басылымның мазмұны мен түптеу қабымен сәйкес таңдалады. Осы жобада желімденіп тігілетін әдісі қолданады және бейнелік-тематикалық түрі қолданады.

Дәптерлерді блокқа жинақтау. Жинақтау деп бүктелген дәптерлермен қосымша элементтерді белгілі ретпен блокқа жинақтау операциясын айтады.

Кітапшалау-түптеу цехының жинақтау бөліміне рулонды-ротациялық машиналарда басылып шыққан өнім немесе бүктеу машинасында бүктеліп шыққан қосымша элементі бар дәптерлер келіп түседі. Блоктағы барлық элементтер бір ретпен жинақталуы керек. Брошюралық немесе кітап блоктарын жинақтауда екі негізгі әдісі бар, бұл жобада бірінің үстіне бірін қойып (подборкой) жинақталады. Кітап блоктарын жинақтау көпшілігінде тыстамалы кітаптарды шығару кезіндегідей әдетте секцияларының саны (12 ден 36 дейін) баратын парақ сұрыптаушы машиналарда іске асырылады. Дәптерлерінің саны машина секцияларының санынан көп блоктар болек жинақталынып, кейінірек қолмен өзара біріктіріледі.

Блоктарды тігіп бекіту. Әрбір дәптерді жіппен түптеу материалына тігу бекітудің ең берік түрі, бірақ ол тиімсіз. Оны ұзақ және жиі пайдаланады және

көлемі үлкен кітаптар үшін қолданады. Дәптерлер бойынша тігу арнайы және әмбебап жіппен тігу машиналарында орындалады. Арнайы жіппен тігу машиналары блоктарды дәкесіз қарапайым кітапшалық сырып тігуге арналған, бұл тігіс блоктары кейіннен автоматты ағынды желілер мен агрегаттарды өңделінетін өңдеу процесінде мұқаба қаптамасының блокпен берік байланысуын қамтамасыз етуші, түптеу материалы тігілмей, желімделінетін көлемі үлкен кітап басылымдарын орташа және көп таралыммен шығаруда қолданылады.

Кітап блоктарын өңдеу. Блок түбін қысу. Жіппен тігілген кітап блоктарын өңдеу блок түбін қысудан басталады. Бұл операция жіппен тігілген блоктардың түптерін мықтылату үшін қолданылады. Және блок түбін желімдеу кезінде желім дәптердің ішкі беттеріне өтіп кетпеу үшін қажет. Зиглох ағымды желісіндегі өңдеу процесі осы блок түбін қысудан басталады.

Блок түбін желімдеу. Блок түбі қысылғаннан кейін желімденуі керек. Яғни блок түбіне керекті мөлшерде желім жағылады. Желімдік қабат блок түбіне қаттылық береді және келесі операциялардың сапалы өтуін қамтамасыз етеді. Блокты желімдеу сапалы өту үшін және барлық талаптарға сәйкес болу үшін желім блок түбінің барлық ауданы бойынша бір қалыпты тегіс пленкамен жауып дәптерлердің арасына желім өтіп кетпеуі қажет. Қазіргі уақытта блок түбін желімдеу үшін ПВАД немесе натрий КМЦ (карбоксиметилцеллюлоза) қолданылады.

Блок түбін кептіру. Кітапшалау-түптеу цехында жартылай фабрикатты кептіру техникалық процесстің әртүрлі стадияларында орындалады. Кептіру әртүрлі желімдік ертінділер қолданылатын операциялардан кейін орындалады. Кептіру дегеніміз - желімдік қабаттан артық қабатты жою. Кітап блоктарының түптерін желімдегеннен кейін кептіру табиғи және жасанды жағдайда орындалады. Бұл жобада термосәулелендіру (жарық немесе жылу – ИҚ сәулесімен) көмегімен кептіріледі.

Кептіргеннен кейін блок түбін қысу. Блок түбін желімдегеннен кейін қағаз талшықтары ісініп, бірнеше деформацияланады. Ал кептіру процессінен кейін блоктар бос қалыпта болады және дәптердің түптік фальцтары қопсыланады. Сондықтан блок түбін қалыпты жағдайға келтіру үшін оларды кептіргеннен кейін қысу керек. Бұл операцияны да блок түбін өңдеуге арналған ағынды желіде орындалады.

Блокты үш жағынан кесу. Түбі бойынша бекітілген кептірілген қысылған блокты үш жағынан кеседі. Үш жағынан кесу дегеніміз – жоғары, төменгі және алдыңғы алаңдардың фальцтарын кесу. Кесуді блоктан немесе приверткамен (бірнеше блоктан) орындауға болады. Блоктың ені бойынша 5 мм (алдыңғы алаң). Биіктігі бойынша 10 мм (жоғары және төменгі алаңдар).

Блокты үш жағынан кесу бір пышақты немесе үш пышақты кесу машинасында орындалады[1].

Блок түбіне түптік материалды желімдеу. Бұл операцияға басылымның қызметі оларды пайдалану және бекіту әдісіне байланысты түптік материал желімденеді. Оларға: марля немесе окантовкалық қағаз, каптал және түптік қағаз тілімі жатады

Каптал – ені 13-15 мм болатын ұшы 1,5-2 мм-ге дейін қалыңдатылған лента. Каптал кітап безендіру элементі болып табылады. Капталды желімдеу блок өңдеу

агрегатында орындалады. Оны даярлау кезінде капталдық лентаға белгілі қаттылық беру керек. Оны қаттылау үшін апреттейді, яғни крахмалды желімнің ертіндісіне салады.

Қағаз тілімін желімдеу. Қағаз тілімі блок түбіне капталдан кейін желімденеді. Ол кітапқа әдемі түр береді. Және блоктағы дәптерлердің мықты бекітілуін жоғарлату үшін қолданылады[2].

Түптеу қабын даярлау. Түптеу қаптарының конструкциясы және элементтері. Түптеу қабы кітап блогын қорғау үшін және безендіру элементі болып табылады. Ол әртүрлі материалдан даярлануы мүмкін. Егер түптеу қабы блоктың өлшемдерімен бірдей болса онда оны кесілген деп атайды. Егер түптеу қабы блоктың үш жағынан 3-4 мм шығып тұрса, онда ол канттары бар түптеу қабы деп аталады. Кесілген түптеу қабы материалдың бір бөлігінен жасалады. Канты бар түптеу қабының құрылымы күрделі және бірнеше элементтен тұрады.

Қатырмалық жақтар түптеу қабына белгілі бір қаттылық береді. Қатырмалық жақтар арасындағы қаттылық шпация деп аталады. Ол блоктың көлеміне байланысты болады. Шпация ортасындағы тығыз қағаздан немесе қатырмадан жасалынған тілім орналасқан. Ол отстав деп аталады. Отстав пен қаттылық жақтар арасындағы қашықтық расстав деп аталады. Қап отставтың екі жағында орналасқан 2 расставтан тұрады. Жамылғы материал ретінде қағаз немесе әртүрлі техникалық маталар қолданылады. Жобада кейінгі кезде жиі қолданатын №4 түптеу картонын пленкамен сырты сығымдалған мұқаба қағазымен тұтас жабылған түптеу қабы пайдалынған. Қатырмалық жақтар мен отстав бір материалмен жабылған.

Түптеу қабын безендіру. Полимерлік пленканы престеу – бұл қағаздың немесе жұқа картон бетіне мөлдір түссіз пленкалы материалдың бірігу операциясы. Жобада полимерлік пленканы мұқабалық қағаз бетіне желім арқылы желімдейді.

Блокты түптеу қабына кигізу, сығымдау, штрихтау және тексеріп орау. Блоктарды түптеу қабына кигізіп біріктіру үшін блоктың форзацтарымен дәке тілімдерінің ұштарын желіммен жағып, қаптың ішкі жағына жабыстыру керек. Блокқа түптеу қабы кигізілгеннен кейін дайын кітаптар сығымдауға жіберіледі. Сығымдауды арнайы кітап қысу престерінде немесе ағымды желіде орындайды. Сығымдалған дайын кітаптар штрихтауға кетеді. Штриховка дегеніміз расстав бойымен штрихтың орналасу операциясы [2].

1.5 Негізгі материалдарды таңдау

Қағаз – кеуекті зат, оған ауа толады, ылғал, полиграфилық бояу сіңе алады, немесе, қағаз дегеніміз целлюлозалық өзара химиялық сутектік байланыстарымен бір-бірімен қосылған талшықтардан құралған өздеріне тән қаңқа. Бор жағылған қағазды алу үшін қағаздың бетіне пленка түзетін ақ пигмент пен қағаздың бетін ағартатын, тегіс және кеуекті етіп жасайтын басқа заттардан тұратын ерітіндінің судағы суспензиясымен бір немесе екі жағына жағады. Одан кейін қағазды кептіріп каландрлерден өткізгенде оның беті тегіс болады, қағаздың түсі ағара түседі, тегістігі мен кеуектік қасиеті арта түседі.

Жобада офсеттік басылымға арналған кітап-журналдық массасы 80-90гр/м² қағаздары мәтін үшін қолданған.

Картон (қатырма) – өсімдік тектес талшықтардан тұратын, 1 м² массасы бойынша жеңіл және ауыр қатырма боп бөлінетін материал. Қатырма бір немесе көп қабатты, массасы 150-600 г/м болып келеді. Пайдаланылуына қарай қатырма үш маркада шығарылады. Жоба үшін А маркалы картон таңдалған, блотің қалыңдығы ортша болғандықтан 200 гр/м² таңдалған.

Форзацтық қағаз – ақ және түрлі-түсті болып келеді. Оларды кітап форзацтарын даярлау үшін қолданады. Оның екі маркасы бар. А және О маркасы. Жобада О маркасы таңдаған.

Мұқабалық қағаз – ақ немесе түрлі-түсті болып келеді. Жылтыр, күліңгірт және қысыммен өңделген болып бөлінеді. А және Б маркалы мұқабалық қағаз-ды 60% сульфидтік және 40% сульфаттық ақ целлюлозадан жасайды. Олар физика-механикалық қасиеттері бойынша бірдей. А маркасы жылтыр, ал Б маркасы күліңгірт. Жобада маркалы 120гр/м² таңдалды.

Синтетикалық жіптер – капрон және алид полиамидті полимерде дайындалып жасалынады. Ол үшін полимерлер ерітіліп диаметрі 0,25 мм тесігі бар фильер арқылы қысылып балқытылады. Полимердің мұқабасы, суыған кезде талшықтарға айналады. Диаметрі 8 мкм синтетикалық жіптер еріліп дайындалады. Мақта-маталы жіптерге қарағанда 2 есе мықты. Блоктарды тігуде бұл өте сапалы.

Түптеу материалы №4 – біртұтас полиграфиялық материалдардан жасалған, жұмсақ қаптама, жиектері блоктан асып тұрады (с кантом). Мұны дайындап шығару үшін екі жағына қатырма бет жән мұқабалық қағаз қолданылады [3].

Технологиялық процесстерге қолданылатын желімдер. Түптеу желімі – табиғи, жасанды және синтетикалық полимерлердің ерітінділері, балқымалары немесе сулы суспензиялары. Оларды қағазды, қатырманы түптеу ма-териалдарын желімдеуге және кітап блоктарының түптерін желімдеуін, түптеу қаптарын кигізу операцияларында және т.б. қолданылады.

ПВАД (поливинилацетат дисперсі) – жоғары тұтқырлықты (ВМС воронкасы бойынша 50% кепкен қалдық және 5-15% дибутилфтолат (пластификаторретінде). Ол сүйекті желіммен, NaKMц тұзымен, полиэтиленминмен жақсы қосылады, олар ПВАД қасиеттерін түзетуге және оның қолдану аймағын кеңейтуде үлкен мән бар [3].

1.6 Қажетті материалдар санын есептеу

1 Басылым түрі: Балалар әдебиеті

Берілгені: 60×90/8; Т = 30000; А= 70; Vф.б.т =14; Фқ=120 г/м²; Тқ=90мкм;
Тип № 4; Б = 4+4

Форзацтық қағаз шығынын есептеу

1) басылымның кесуге дейінгі форматы: 30×22,5 см

2) форзацтық дайындамасының ені кесілмеген блоктың екі еселенген еніне, ал биіктігі кесілмеген блоктың биіктігіне тең:

30 ×45 см

60/45 × 92/30=1 × 3=3

3) барлық таралымға кететін форзацтың шығынын (1) теңдеумен есептейміз. Кітаптың 2 жағында форзац болғандықтан 2 ге көбейтеміз.

$$[(T \times A) / 3] \times 2 \quad (1)$$

мұндағы, T – таралым
A – атау саны.

$30000 \times 2 \times 70 / 2 = 2\,100\,000$ форзацтық қағаз қажет

1 парақ форзацтық қағаз 60 тг.; $2\,100\,000 \times 60 = 126\,000$ мың тг.

Блокты жіппен тіккенде қанша метр жіп жұмсалатынын анықтау

Ішкі тігістердің өлшедері = 19 мм; Тігістер саны = 6

Блокта қанша дәптер бар: $12 \times 8 / 16 = 6$ дәптер

Бір дәптерге бекітетін жіп: $6 \times 19 \times 2 = 0,228$ м (екі қабатталған жіп)

Бір блокқа кететін жіп: $0,228 \times 6 = 1,6$ м

Таралымға кететін жіп: $1,6 \times 30000 \times 70 = 3\,360\,000$ м

1 втулкада 10000 м; $3\,360\,000 / 10000 = 336$

1 втулка = 520 тг.; $336 \times 520 = 175$ мың тг.

Жамылғы материал шығынын есептеу

№ 4 типті түптеу қаптары үшін дайындаманың биіктігі мен ені (2) және (3) теңдеулермен есептеледі:

$$B + 2K + 2k + 30 \text{ мм}, \quad (2)$$

$$E_n = 2(Ш + Л + Р + k) + Д + 30 \text{ мм}. \quad (3)$$

мұндағы B – кесілген блоктың биіктігі;

Ш – кесілген блоктың ені;

Д – түптің доға ұзындығы,

T – блок қалыңдығы;

P – расстав;

K – канттың ені;

k – пресшпан қалыңдығы.

Кесуге дейінгі форматы: $30 \times 22,5$ см

Кесуден кейінгі формат: 29×22 см

1) блок қалыңдығы: $8 \times 6 \times 90 = 4,3$ мм; 2) расстав өлшемі: 7,6 мм

3) шпация өлшемі: $4,3 + 15,2 = 19,5$ мм; 4) дайындаманың ені:
 $2(22 + 0,4 + 0,76 + 0,175) + 0,43 + 3 = 50,1$ см; 5) дайындаманың биіктігі:
 $29 + 2 \times 0,4 + 2 \times 0,175 + 3 = 33,1$ см

Таңдалынған формат: 84×110

$84 / 50 = 1$; $110 / 34 = 3$ 3 дайындама

Барлық таралымға кететін жамылғы материалы (4) теңдеумен анықталады:

$$(T \times A) / 3 \quad (4)$$

мұндағы Т – таралым;

А – атау саны.

$30000 \times 70 / 3 = 700\ 000$ жамылғы материал жұмсалады.

1 жамылғы материал 60 тг.; $700000 \times 60 = 42\ 000$ мың тг.

Қатырмалы жақты есептеу

Кесуге дейінгі форматы = $30 \times 22,5$ см

Кесуден кейінгі форматы = 29×22 см

Қатырмалық жақ биіктігі: кесілген блок биіктігі+кант ені $\times 2$

$29 + (0,4 \times 2) = 29,8$ мм

Қатырмалық жақтың ені: кесілген блок ені-1мм = $22 - 0,1 = 21,9$ мм

Алынған формат: 70×100

$70 / 21,9 = 3$; $100 / 29,8 = 3$; $3 \times 3 = 9$

9 жақтан 4 түптеу қабын даярлау (5) теңдеумен есептелінеді.

$$(T \times A) / 4, \tag{5}$$

$30000 \times 70 / 4 = 525\ 000$ қатырма жақ жұмсалады.

1 парақ қатырма 170 тг.; $525\ 000 \times 170 = 89\ 250$ мың тг.

Норма бойынша есептеу (6) теңдеу бойынша жүргізіледі:

$$[(T \times A) / 1000] \times m \tag{6}$$

мұндағы m – масса,

T – таралым ,

A – атау саны.

Форзацты желімдеу үшін (6) теңдеумен есептелінеді.

Норма бойынша 1000 кітапқа 324 гр форзацтық қағаз қажет

$30000 \times 70 / 1000 \times 324$ г = 6 482 кг

Түптеу қабын блокқа кигізу үшін (6) теңдеумен есептелінеді.

Норма бойынша 1000 кітапқа 8294 гр желімі қажет

$30000 \times 70 / 1000 \times 8294$ г = 17417,4 кг

Блок түбін желімдеу үшін (6) теңдеумен есептелінеді.

Норма бойынша 1000 кітапқа 920 гр желімі қажет

$30000 \times 70 / 1000 \times 920$ г = 1932 кг

Блок түбіне қаптал және қағаз жолағын жапсыру үшін (6) теңдеумен есептелінеді.

Норма бойынша 1000 кітапқа 986 гр желім қажет

$30000 \times 70 / 1000 \times 986$ г = 2071 кг

1 кг ПВАД желімі 350 тг

$(6482 + 17417,4 + 1932 + 2071$ кг) $\times 350 = 9747$ мың тг ≈ 10 млн. тг

Сүйекті желім (6) теңдеумен есептелінеді.

Норма бойынша 1000 кітапқа 6629 гр желім қажет

$30000 \times 70 / 1000 \times 6629$ г / 1000 = 13921 кг

1 кг сүйекті желім 1200 тг

$$13921 \text{ кг} \times 1200 = 16\,705 \text{ мың тг}$$

Қаптал шығыны (б) теңдеумен есептелінеді.

Норма бойынша 1000 кітапқа 20,30 метр қажет

$$30000 \times 70 / 1000 \times 20,30 \text{ м} = 42630 \text{ пм}$$

1 м каптал 30 тг; $42630 \times 30 = 1279$ мың тг

Қағаз тілімін даярлау үшін қағаз шығыны (б) теңдеумен есептелінеді.

Норма бойынша 1000 кітапқа 4,1 кг қажет

$$30000 \times 70 / 1000 \times 4,1 \text{ кг} = 8610 \text{ кг}$$

1 кг 82 тг; $8610 \text{ кг} \times 82 = 706$ мың тг

Престеуге арналған пленка шығыны(б) теңдеумен есептелінеді:

Норма 1000 см^2 3,8 гр кетеді

Дайындама биіктігі \times дайындама ені/1000 \times 3,8

$$34 \times 50 / 1000 \times 3,8 = 6,46; 30000 \times 70 \times 6,46 / 1000 = 13566 \text{ кг}$$

1 кг пленка 350 тг; $13566 \text{ кг} \times 350 = 4748$ мың тг

Дайын өнімді орамалауға арналған жылумен отырғызылатын пленка шығынын есептеу.

Орамаланатын машина өлшемі: $450 \times 300 \times 250$ мм

Таралымға жалпы 9800 орама кетеді.

Пленканың салмағы 200 гр.

1 ораманың ауданы: $90 \times 60 = 5400 = 0,54 \text{ м}^2$

Таралымға кететін ораманың ауданы: $0,54 \cdot 9800 = 5292 \text{ м}^2$

Таралымға кететін пленканың ауданы (7) теңдеумен анықталады:

$$(S \times q) / 100, \tag{7}$$

мұндағы S – орамаланатын өнімнің ауданы,

q – пленканың қалыңдығы.

$$5292 \times 200 / 1000 = 1058,4 \text{ кг}$$

Орап бууға 1058,4 кг пленка жұмсалады.

1 кг 1200 тг; $1058,4 \text{ кг} \times 1200 = 1270$ мың тг

Шығындар: 466 405 тг.

2 Басылым түрі: Балалар әдебиеті

Берілгені: $60 \times 84 / 16$; $T = 35000$; $A = 50$; $V_{\text{ф.б.т}} = 10$; $\Phi_{\text{қ}} = 120 \text{ г/м}^2$; $T_{\text{қ}} = 80$

Форзацтық қағаз шығынын есептеу:

1) басылымның кесуге дейінгі форматы: 15×21 см

2) форзацтық дайындамасының ені кесілмеген блоктың екі еселенген еніне, ал биіктігі кесілмеген блоктың биіктігіне тең [5]: 15×42 см

$$60 / 15 \times 92 / 42 = 4 \times 2 = 8$$

3) барлық таралымға кететін форзацтың шығынын (1) теңдеумен есептейміз.

$35000 \times 2 \times 50 / 8 = 437\,500$ форзацтық қағаз қажет

1 парақ форзацтық қағаз 60 тг; $437\,500 \times 60 = 26250$ мың тг.

Блокты жіппен тіккенде қанша метр жіп жұмсалатынын анықтау

Ішкі тігістердің өлшемдері = 19 мм

Тігістер саны = 6

Блокта қанша дәптер бар: $8 \times 16 / 16 = 8$ дәптер

Бір дәптерге бекітетін жіп: $6 \times 19 \times 2 = 0,228$ м (екі қабатталған жіп)

Бір блокқа кететін жіп: $0,228 \times 8 = 1,8$ м

Таралымға кететін жіп: $1,8 \times 35000 \times 50 = 3\,150\,000$ м

1 втулкада 10000 м ; $3\,150\,000 / 10000 = 315$

1 втулка = 520 тг; $315 \times 520 = 164$ мың тг.

Жамылғы материал шығынын есептеу

№ 4 типті түптеу қаптары үшін дайындаманың биіктігі мен ені (2) және (3) теңдеуларымен есептеледі:

Кесуге дейінгі форматы: 15×21 см; кесуден кейінгі формат: $14,5 \times 20$ см

1) блок қалыңдығы: $16 \times 4 \times 80 = 5,1$ мм

2) расстав өлшемі: 7,6 мм

3) шпация өлшемі: $5,1 + 15,2 = 20,3$ мм

4) дайындаманың ені: $2(15 + 0,4 + 0,76 + 0,175) + 0,51 + 3 = 36,1$ см

5) дайындаманың биіктігі: $21 + 2 \times 0,4 + 2 \times 0,175 + 3 = 25,1$ см

Таңдалынған формат: 84×110

$60 / 25 = 2$; $84 / 36 = 2$ 4 дайындама

Барлық таралымға кететін жамылғы материалы (4) теңдеумен анықталады:
 $35000 \times 50 / 4 = 437\,500$ жамылғы материал жұмсалады.

1 жамылғы материал 60 тг.; $437\,500 \times 60 = 26\,250$ мың тг.

Қатырмалы жақты есептеу

Кесуге дейінгі форматы = 15×21 см; кесуден кейінгі форматы = $14,5 \times 20$ см

Қатырмалық жақ биіктігі: кесілген блок биіктігі + кант ені $\times 2$

$20 + (0,4 \times 2) = 20,8$ мм

Қатырмалық жақтың ені: кесілген блок ені - 1 мм = $14,5 - 0,1 = 14,4$ мм

Алынған формат: 60×84 ; $60 / 14,4 = 4$; $84 / 20,8 = 4$; $4 \times 4 = 16$

16 жақтан 8 түптеу қабын даярлау (5) теңдеумен есептелінеді.

$35000 \times 50 / 8 = 218\,750$ қатырма жақ жұмсалады.

1 парақ қатырма 170 тг.; $218\,750 \times 170 = 37\,188$ мың тг.

Форзацты желімдеу үшін (6) теңдеумен есептелінеді.

Норма бойынша 1000 кітапқа 324 гр форзацтық қағаз қажет

$35000 \times 50 / 1000 \times 324 \text{ г} = 567 \text{ кг}$

Түптеу қабын блокқа кигізу үшін (6) теңдеумен есептелінеді.

Норма бойынша 1000 кітапқа 8294 гр желімі қажет

$35000 \times 50 / 1000 \times 8294 \text{ г} = 14\,515 \text{ кг}$

Блок түбін желімдеу үшін (6) теңдеумен есептелінеді.

Норма бойынша 1000 кітапқа 920 гр желімі қажет

$35000 \times 50 / 1000 \times 920 \text{ г} = 1610\,000 \text{ кг}$

Блок түбіне қаптал және қағаз жолагын жапсыру үшін (6) теңдеумен есептелінеді.

Норма бойынша 1000 кітапқа 986 гр желім қажет

$35000 \times 90 / 1000 \times 986 \text{ г} = 1726 \text{ кг}$

1 кг ПВАД желімі 350 тг; $1726 \text{ кг} \times 350 = 604$ мың тг

Сүйекті желім (б) теңдеумен есептелінеді.

Норма бойынша 1000 кітапқа 6629 гр желім қажет

$$35000 \times 50 / 1000 \times 6629 \text{ г} / 1000 = 11601 \text{ кг}$$

$$1 \text{ кг сүйекті желім } 1200 \text{ тг}; 11601 \text{ кг} \times 1200 = 11\,601 \text{ мың тг}$$

Қаптал шығыны (б) теңдеумен есептелінеді.

Норма бойынша 1000 кітапқа 20,30 метр қажет

$$35000 \times 50 / 1000 \times 20,30 \text{ м} = 35525 \text{ пм}$$

$$1 \text{ м каптал } 30 \text{ тг}; 35525 \times 30 = 1066 \text{ мың тг}$$

Қағаз тілімін даярлау үшін қағаз шығыны (б) теңдеумен есептелінеді.

Норма бойынша 1000 кітапқа 4,1 кг қажет

$$35000 \times 50 / 1000 \times 4,1 \text{ кг} = 7175 \text{ кг}$$

$$1 \text{ кг } 82 \text{ тг}; 7175 \text{ кг} \times 82 = 588,350 \text{ мың тг}$$

Престеуге арналған пленка шығыны(б) теңдеумен есептелінеді:

Норма 1000 см^2 3,8 гр кетеді

Дайындама биіктігі \times дайындама ені / 1000 \times 3,8

$$36 \times 25 / 1000 \times 3,8 = 3,42; 35000 \times 50 \times 3,42 / 1000 = 5670 \text{ кг}$$

$$1 \text{ кг пленка } 350 \text{ тг}; 5670 \text{ кг} \times 350 = 1985 \text{ мың тг}$$

Дайын өнімді орамалауға арналған жылумен отырғызылатын пленка шығынын есептеу.

Орамаланатын машина өлшемі: $450 \times 300 \times 250 \text{ мм}$

Таралымға жалпы 9800 орама кетеді.

Пленканың салмағы 200 гр.; 1 ораманың ауданы: $90 \times 60 = 5400 = 0,54 \text{ м}^2$

Таралымға кететін ораманың ауданы: $0,54 \cdot 9800 = 5292 \text{ м}^2$

Таралымға кететін пленканың ауданы (7) теңдеумен анықталады:

$$5292 \times 200 / 1000 = 1058,4 \text{ кг}; \text{ орап бууға } 1058,4 \text{ кг пленка жұмсалады.}$$

$$1 \text{ кг } 1200 \text{ тг}; 1058,4 \text{ кг} \times 1200 = 1270 \text{ мың тг}$$

Материалға кеткен жалпы шығын: 592671 мың тг.

Жалпы материалға кететін шығын 1069,1 мың тг.

1.7 Кітапшалау-түптеу цехының жабдықтары

Perfekta бір пышақты кесу машинасы. Бұл машиналар орташа және үлкен типографияларда кітап-журнал, боршюра, плакат, этикеткалар шығару үшін қолданылады. Бір пышақты кесу машинасының техникалық сипаттамасы 2-кестеде сипатталған [4].

2 Кесте – PERFЕКТА TVC – UC бір пышақты кесу машинасының техникалық сипаттамасы

| Техникалық сипаттамасы | Көрсеткіштері |
|--|------------------|
| Кесу үстелінің ені/биіктігі/ұзындығы, мм | 1150/165/1150 |
| Жіберу кезіндегі кесу саны, 1/мин | 44 |
| Негізгі жетектің қуаттылығы, кВт | 4 |
| Габариттік өлшемі, м | 2,4 \times 2,4 |

Бүктемелеу машинасы Horizon AFC-744 АКТ. Профессиональді

бүктемелеу машинасы парақтарды параллельді бүктеуге арналған. Бүктемелеу машинасының жұмысістеу принципі төменгі 3-кестеде көрсетілген.

3 Кесте – *HORIZON AFC-744* АКТ бүктемелеу машинасының тех-никалық сипаттамасы

| Техникалық сипаттамасы | Көрсеткіштері |
|---------------------------------------|----------------------|
| Максималды / Минималды форматтары, мм | 738×1300/210×148 |
| Парақ беру механизмі | Вакуумды |
| Жұмысістеу жылдамдығы, сағ | 36000 парақ сағатына |
| Габариттік өлшемі, м | 6,7×1,7 |
| Негізгі жетектің қуаттылығы, кВт | 5,4 |

Паковальды қысу пресс машинасы Zechini SIGNA. Машина дәптерлерді бүктемелеу құрылғысынан шыққаннан кейін қысыммен пресстейді. Бұл пресстің түрі дәптерлерді сыйымды етеді. Паковальды қысу машинасының техникалық сипаттамасы төменгі 4-кестеде көрсетілген [4].

4 Кесте – *ZECHINI SIGNA* паковальды қысу пресс машинасы

| Техникалық сипаттамасы | Көрсеткіштері |
|--|----------------------|
| Қалыптың қысылуының максималды/ минималды ашылуы, мм | 700/320 |
| Қалып қысымының пайдалы өлшемі, мм | 260×360 |
| Қысым жиілігі, Гц | 50 |
| Габариттік өлшемі, мм | 1100×500 |
| Дәптерлерді беру | Қолмен |
| Қысым | Электро– механикалық |

SX 150 жіппен тігу машинасы. Бұл машина өте дәптерлеп тігуге қолайлы және өнімділікті болып келеді. Стапельді қоюшысы бар автоматты жіппен тігу машинасы. *SX 150* жіппен тігу машинасының техникалық сипаттамасы 5-кестеде көрсетілген.

5 Кесте – *SX 150* жіппен тігу машинасының техникалық сипаттамасы

| Техникалық сипаттамасы | Көрсеткіштері |
|---|-----------------|
| Тігілетін дәптерлердің максимал / минимал форматы, мм | 320×560/100×100 |
| Тігіссаны | 13-кедейін |
| Электр қозғалтқыштың қуаты, кВт | 1,8 |
| Габариттік өлшемі, мм | 3300×1600 |
| Өнімділігі, цикл/мин | 7200 |

T34 Quickfolder фальцминиатюра бүктемелеу машинасы. Жаңа, толықтай автоматтандырылған үстелді микропроцессорлық бақылауы бар *T34 Quickfolder* бүктеу машинасы қолданыста өте қарапайым және реттеу уақытын қысқартады. *T34 Quickfolder* фальцминиатюра бүктемелеу машинасының техникалық сипаттамасы 6-кестеде көрсетілген [5].

6 Кесте – T34 Quickfolder фальцминиатюра бүктемелеу маши-насының техникалық сипаттамасы

| Техникалық сипаттамасы | Көрсеткіштері |
|-----------------------------------|--------------------------------|
| Бүгілім түрі | Бір реттік |
| Қағаз өлшемі, мм | Максималды А3, минималды 65×90 |
| Қағаз қалыңдығы, г/м ² | Қарапайым қағаз 50-105 |
| Стопа биіктігі, мм | 21 |
| Тұтынатын қуат, Вт | 65 |
| Габариттік өлшемі, мм | 771×485×316 |

«Зиглох» ағынды желісі. Жіппен тігілген блоктар кітап блогын өңдеуге жіберіледі. Ол «Зиглох» ағынды желісінде жүргізіледі. Ағынды желіден дайын кітаптар шығады, олардың сапасы тексеріліп, оратылып дайын өнім қоймасына жіберіледі. Ол ағынды желікелесі агрегаттардан тұрады: D NH-80 блок түбін қысып, блоктың барлық беті бойымен екі есе қысу жасайды; VAM-70 форзац желімдеу аппараты, онда форзац тігілген блокқа желімденеді, желім форзац жағылады; SB-7020 блок түбін желімдейтін және кептіретін машина; Trim/tec 45 үш жағынан кесу автоматы; BL-500 қап кигізу машинасы; EP – 608 престеу - штрихтау машинасы; TF – желімдегеннен кейін блок түбін кептіру [5].

AM-70 форзац желімдеу автоматы. Блок түбіндегі жіптер желім жаққанда кедергі келтірмеуі үшін вакуумдық шлангтың көмегімен тартылады, автоматты басқару, машина жадына жаңа тапсырыс туралы мәліметтер енгізіледі[5]. 7-кестеде VAM-70 форзац желімдеу автоматының техникалық сипаттамасы көрсетілген.

7 Кесте – VAM-70 форзац желімдеу автоматының техникалық сипаттамасы

| Техникалық сипаттамасы | Көрсеткіштері |
|------------------------|---------------|
| Максималды өлшемі, мм | 510×200 |
| Минималды өлшемі, мм | 120×90 |
| Қуаты, кВт | 5 |
| Габариттік өлшемі, м | 4,3×1,35 |

D NH-80 қысу пресі. Блоктар мен кітап бумаларын қысуға арналған пресс бұл электр қозғалтқыш жетегімен және қысуды қадағалап жұмыс істейтін винтті пресс. Қысу 500 ден 5000 кг шамасында бума санымен және қағаздың түріне сәйкес бақыланып отырады. 8-кестеде D NH-80 қысу пресінің техникалық сипаттамасы көрсетілген.

8 Кесте – D NH-80 қысу пресінің техникалық сипаттамасы

| Техникалық сипаттамасы | Көрсеткіштері |
|-----------------------------------|----------------|
| Өнімділігі, блок/сағ | 2 400 |
| Максималды/ Минималды форматы, мм | 510×320/100×90 |
| Қуаты, кВт | 0,5 |
| Габариттік өлшемі, м | 1,13×0,98 |
| Массасы, кг | 500 |

Дәптерді блокқа жинақтау машинасы. ZU 841 дәптерді блокқа жинақтау машинасы жоғары автоматтандырылған және жоғары өнімділігімен ерекшеленеді. Вакуумды парақ теру құрылғылары жоғары жылдамдық пен жоғары сенімділікті қамтамасыз етеді. Бұл жабдық жылдам, дәл және ыңғайлы жұмыс істеуге арналған. ZU 841 дәптерді блокқа жинақтау машинасының техникалық сипаттамасы 9-кестеде көрсетілген.

9 Кесте – ZU 841 дәптерді блокқа жинақтау машинасының техникалық сипаттамасы

| Техникалық сипаттамасы | Көрсеткіштері |
|--|------------------------|
| Парақтардың максималды / минималды форматы, мм | 720×1040/210×297 |
| Материал түрлері | Қағаз, картон, пластик |
| Материалдың максималды биіктігі, мм | 500 |
| Максималды жылдамдығы, цикл/сағ | 8000 |
| Станциялар саны | 3-10 |
| Габариттік өлшемдері, мм | 7,2×1,8 |
| Қуаты, кВт | 5,2 |

BL-500 қап кигізу машинасы. Кітап блогының түптеу қабына бекіту-кигізу деп аталады. Блокты түптеу қабына кигізудің сапасы қолданылатын желімнің құрамына және блоктың қалыңдығына байланысты. BL-500 қап кигізу машинасының техникалық сипаттамасы 10-кестеде көрсетілген [6].

10 Кесте – BL-500 қап кигізу машинасының техникалық сипаттамасы

| Техникалық сипаттамасы | Көрсеткіштері |
|---|----------------|
| Өнімділігі, кітап/сағ | 200 |
| Кітап блогының максималды / минималды форматы, мм | 300×390/80×100 |
| Блок қалыңдығы, мм | 6-60 |
| Габариттік өлшемі, м | 7,2×2,1 |
| Қуаты, кВт | 4 |

EP-608 пресстеу-штрихтау машинасы. Кигізілген блок міндетті түрде престеледі. Бұл операция ағымды желіде орындалады. Қысуды дайын кітаптар блоктар мықты қысылу мақсатында престелу керек. Қысу блокты қапқа кигізгеннен кейін орындалады. Қысу режимі блокты кигізгенде қолданылған желімнің құрамына, қап даярланған материалға және кітаптар қалай престелгенге байланысты. EP-608 пресстеу-штрихтау машинасының техникалық сипаттамасы 11- кестеде көрсетілген [7].

11 Кесте – EP-608 престоу-штрихтау машинасының техникалық сипаттамасы

| Техникалық сипаттамасы | Көрсеткіштері |
|---|----------------|
| Кітаптың максималды/минималды форматы, мм | 300×390/80×100 |
| Кітаптың қалыңдығы, мм | 8-50 |
| Штрихтау уақыты, с | 0,9-0,99 |
| Қуаты, кВт | 0,37 |
| Габариттік өлшемі, м | 5,2×2 |

Zechini Gra (for Roby Junior) қап жасау машинасы. Zechini Gra (for Roby Junior) қап жасау автоматының жаңа моделін Колбус фирмасы шығарған. Бұл машинаны Copilot жүйесі жүктеу уақытын 2-25 минутқа дейін қысқартуға мүмкіндік береді. Zechini Gra (for Roby Junior) қап жасау автоматының техникалық сипаттамасы 12-кестеде көрсетілген.

12 Кесте – Zechini Gra (for Roby Junior) қап жасау автоматының техникалық сипаттамасы

| Техникалық сипаттамасы | Көрсеткіштері |
|---|-------------------------|
| Өнімділігі, айн/мин | 30 |
| Қатырмалық жақтың максимал/минимал өлшемі, мм | 405×560/110×155 |
| Отставтың қалыңдығы/ұзындығы, мм | 0,3-0,5/ 8-80 |
